



**АСТАНА АКШАМЫ**

# ҒАШЫҚ ҒҮМЫР БОЯУЛАРЫ

## (корнекті қаламгер Жанат Елшібек туралы эссе-сыр)

**Маған өмір жолымда бағыт-бағдар берген, ақылымен, жеке үлгісімен алға жетелеген аса қымбат жандардың бірі – есімі елімізге жақсы танымал қаламгер Жанат Елшібек. Сол кездері мен Қызылжарда, ол Алматыда, елдің әр қырында жүрсек те, таныстырып, табыстырған тағдырыма ризамын.**

Өмірде не бір қызық жайлар бола береді ғой. Жәкеңмен біз кездейсоқ таныстық. Бірде тұсқи үзілістен ертерек келіп қалам, қағазымды қолыма ала бергенім сол еді, алдында тұрған телефон шылдыр ете калды. Трубканы көтеріп: «иә», – дедім. Ар жактағы азамат, дауысы ашық екен, анқылдалап тұр. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін: «Лениншіл жас» газетінен Жанат Елшібеков едім, сіз кім боласыз?» деді бірден. Өзімнің тілші екенімді айттым. Сол-ақ екен, сұхбаттасым іліп ала жөнелді. «Жақсы болды, сізге бір өтінішім бар, газетімізде «Солтүстік Қазақстан облысында қысқы спорттың дамуы қалай?» деген тақырыпта проблемалық мақала жарияламақшы едік. Соған өзіміз шыға алмай жатырмыз. Осы мақаланы сіз жазып берсеніз» деп бір-ақ тоқтады. «Көлемін шектемейміз, тек уақыт тығыздау болып тұр, көп созбасаңыз» дегенді тағы қосып койды. Ол кезде редакциядағы ең жас қызыметкерлердің бірімін. Басқа басылым түгілі, өзімнің тікелей міндеттімді қалай орындаймын, қайтсем басшылардан сөз естімеймін деп уайымға салынып жүретін кезім. Ойланып қалдым. «Жәке, Жәке», деп жағдайымды тусіндіруге оқтала берген едім, алматылық журналист бастырмалата сөйлеп әнгімесін әрі қарай жалғап әкетті, сірә, келісті деп ойлаған болуы керек, қандай мәселелерге назар аудару керектігін тәптіштеп жатыр. Осыдан кейін күмәнім далада қалды. «Иә, иә» деп бас шүлғи бердім.

Телефон трубкасын орнына қойғаннан кейін аяқ астынан болған әлгі әнгіменің әсерінен айыға алмай біраз отырдым. Бала кезімнен үзбей оқып келе жатқан республикадағы ең беделді басылымдардың бірі «Лениншіл жастаң» Жанат Елшібеков телефон шалды, өтініш білдірді десем әріптестерім сене қояр ма екен?! Соған өзім де сене алар емеспін. Сол кездің өзінде Жанат Елшібековтің мақалалары, түрлі сөз жұмбақтары, ребустары, табиғат құбылыстары туралы мөлтек әнгімелері «Лениншіл жаста» ғана емес, балалардың қолынан түспейтін «Балдырған», «Білім және еңбек» сияқты журналдарда да жиі жарияланатын. Бір сөзben айтқанда, ол сол кездің өзінде үлкенге де, кішіге де танымал журналистердің бірі болатын. Осындаған ойы ұшқыр, қаламы жүйрік журналист қолқа салып тұрса, не жан қалады?! «Қайткенде де бұл тапсырманы орындаудың керек» деп түйдім де, жедел іске кірістім. Оңай шаруа емес екен, проблемалар, пайдаланылмаған мүмкіндіктер шаш-етектен. Бұрын бұл тақырыпқа қалам тартпағандықтан ба, қатты қиналдым. Арасында Жәкең телефон шалып, жағдайды сұрап қояды. «Жазып жатырмын, сын жағы басым болатын сияқты» деймін. «Дұрыс, дұрыс, сын түзелмей, мін түзелмейді, кемшиліктер болса, көрсет, мамандарды тарт, жалпы ахуалды жан-жақты талдауға тырыс» дейді ол. Содан не керек, өлдім-талдым дегендеге, мақаланы бітірдім-ау. Ол кезде қазіргідей интернет деген жоқ, жазғанымды төрт бүктеп конвертке салдым да, жедел Алматыға жөнелттім.

Арада едәүір уақыт өтті. Газеттің жаңа нөмірі келген сайын аударып-төңкөріп қараймын. Жоқ. Содан жарамай қалған ғой, деп үмітім үзіле бастаған. Бір күні тағы да телефон шылдыр ете түссін. Жәкең екен, дауысы санқылдалап тұр. «Мақалан бүгін шықты, көлемді болғаннан кейін жатыңқырап қалды, ренжіме» дейді. Қайдағы ренжу, басқа сөз аузыма түспей, «рахмет, рахмет» дей беріппін. Бұл жай әріптестерімнің назарынан да тыс қалған жоқ. Дүйсенбілік лездемеде бас редактордың өзі: «Жарасбайдың «Лениншіл жаста» жарияланған мақаласын оқыған шығарсыздар, маған ұнады, сондай дүниелер өз газетімізде де шығып жатса артық болмас еді» деді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген

емес пе, осы оқигадан кейін қиналған кездерімде көнілімді торлап, неше түрлі ойларға жетелейтін күдігім біршама сейіліп, осы мамандықты қайткенде де менгеремін деген сенімім нығая тұсті. Сол сеніміме қанат байлаған, жылы сөзімен, ағалық ақылымен жолымды ашқан жандардың бірі Жәкең десем асыра айтқаным емес.

Осылдан кейін Жәкең жиі хабарласатын болды. «Солтүстіктен бізге жазатындар аз, бізге де, өзіне де пайдалы, байланысынды үзбе, «Лениншіл жастың» мектебі жақсы, басқа тақырыптарды да қамтуға тырыс» деп қояды, неше түрлі тақырыптар ұсынады. Қарым-қатынасымыз Жәкең «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне өнеркәсіп бөлімінің менгерушісі болып ауысканнан кейін де үзілген жоқ. Газеттің облыста меншікті тілшісі болғанына қарамастан, маған да үйіп-төгіп тапсырма береді. Мінезі сондай ашық екен, қашан хабарласса да, ежелден таныс адамдай елжіреп тұрады. Осылай Жәкеңмен бір-бірімізді көрмей жатып-ақ, тонның ішкі бауында араласып кеттік. Негізі Жәкең өнеркәсіп саласынан алыс адам ғой, бірақ жазғандарынан оны анғармайсыз. Көркем ой, шұрайлы тілімен темір-терсектің өзіне жан бітіреді. Мені де «қай саланы болмасын білгеннің артықтығы жоқ, журналист сан қырлы болуы керек, тың тақырыптар, материалды берудің жаңа формаларын ізде» деп қамшылайды. Осылай ол менің ақылшыма, ұстазыма айналды. Кейін білдім, Жәкеннің мен сияқты шәкірттері әр облыста бар екен. Алматыда отырып-ақ, шалғайда жүрген бейтаныс әріптестеріне қамқорлық жасап, бағыт-бағдар беріп, қанаттарының қатаюына көмектесуді өзіне парыз санаған, тұла бойынан нағыз қазақы тәрбиенің иісі анқып тұратын Жәкең сияқты үлкен жүректі қаламгер көп емес-ау бізде?!

Қателеспесем, Жәкең біздің өнірге жұмыс бабымен екі рет келді. Жазда, «Социалистік Қазақстанның» сол кездегі меншікті тілшісі марқұм Байтұяқ Жанымбетов, біздің газеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі Амандық Жантеміров — төртеуміз Жамбыл ауданына шықтық. Жәкең жол бойы табиғатты тамашалап, тамсанумен болды. Ұлы Габенің (Ғабит Мұсіреповтің) туған топырағы – Елтінжалға табанымыз тигенде тіпті жас балаша қуанды.

— Құр кеуде басқанменен «білемінге»,

Көп жайды біз ұғамыз жүре-жүре.

Бақсам мен – Елтінжалға баратын жол

Габенің жатыр екен жүргегінде! – деп тіл ұшына оралған өлең жолдарын бірнеше рет қайталаган ол: «Ғаған (қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков) қалай тауып айтқан» деді. Әңгімеге Амандық араласып, Габен үшін Елтінжалдан асқан, Елтінжалдан қымбат жер болмаганын дәттей жөнелді. Біз де бар қызығын үйіп-төгіп, босатпай құшағынан сүйіп-өбіп, ерке құсын сағынып қарсы алатын Елтінжал нағыз «нар шөккен» киелі жер, шырайлы да шұрайлы өнір екенін, осы көріністі тамашалаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзінің: «Мына жердің байлығы астында емес, үстінде тұр ғой» дегенін еске салып жатырмыз. «Бәсе, өзім де ойлап едім, ұлы адам туса туғандай жер екен» деп көп майсаға аунап-аунап алады. Жолай Ғабен «талма түстер, күрен кештер тұсында» жасында жалаң аяқ келіп, талай шомылған Құдайқұл көліне соктық. Бәріміз бір-бір сұнгіп алып, жағаға шыққанда, Жәкең көл ішінде ұзақ отырып қалды. Бізді ұмытып, ойға берілген сияқты. «Әлде, ұлы сөз зергерімен іштей сырласып отырды ма екен?..»

Құдайқұл көлінің жағасында да біраз әңгіменің басы қайырылды. Өзіміз күнде көріп жүргендіктен бе, біз аса елендей қоймайтын дүниелерге ол қызыға қарайды, сол жердің өзімізге еріп жүрген азаматтарына сұрапты қарша боратады. Бәрін бүге-шүгесіне дейін тәптіштеп сұрайды. Ел анасы Ұлпан мәңгілік мекенін тапқан қорымға да бәрімізді жетелегендей болып апарған. Қызылжарға қайтар жолда да алған әсерімен бөлісіп, біраз әңгіменің тиегін ағытқан. Осы сапардан кейін түрлі басылымдарда Жәкеңнің бірнеше материалы жарық көрді. Тартымды, бірінен бірі өтеді. Сөйтіп, Жәкеңнің елгезектігінің, сергектігі мен сезімталдығының арқасында өзімізге таныс біраз жайларға жана қырынан қанықтық. Жәкеңмен көп жыл «Лениншіл жаста» қанаттаса қызмет істеген сол кезде казактан шыққан санаулы қаламгер қыздардың бірі Мағира Қожахметова жазғандай, «Жер

көктегі жоқты іздемейді, жер көктегі бар нәрсені қырағылықпен сол күйінде мұсіндеп, ұмытылмайтында зердене құяды... Улкенді-кішілі андар мен құстардың қызықты қылыштары, төніректегі түрлі-түрлі құбылыстар мөлтек әңгімелерінде әдемі астасып жатады. Екінің бірі сезе бермейтін сәттерге назар аударта білуі ғажап» еken. Осылай бізге болмашы болып көрінетін көріністерді ойнатып берудің нағыз шебері екеніне көз жеткіздік. Қаламгердің осы шеберлігі өнірімізге есімі жақсы танымал диқан Елтай Бектемісов туралы жазған «Мандай тер» деп аталатын очеркінде де жарқырай көрінген. Жәкеңнің «Социалистік Қазақстанның» тұтас бір бетіне жарияланған, кейін қаламгерлер арасындағы айтулы бәйгеде жүлде алған осы шығармасы өз басыма оның жүргегінен төгіліп түскендей көрінген. Бейне тұнып тұрган ғашық ғұмыр бояулары. Қарасөзбен жазылған дастан ба дерсін?! Құзғі қарекет, жал-жал дестелер, теріскейдің самалы тербеген астықты алқап... Автордың тұтастай шығармашылығына тән сан қырлы қасиет үндесе топтасқан мұнда: сыршыл жүрек, ақындық қабылдау, әсемдікті сезініп түйсіну, табиғат құбылыстарына таңдану, оның тұнғылық тылсымына бойлау оқырманды баурап, неше түрлі ойға жетелейді. Әйтеуір бей-жай қалдырымайды. Осыдан кейін өзін де туған жердің тәсіне бір түрлі елжіреп, ғашық көзбен қарай бастайды екенсін.

Бұрын жолы тұспеген өнірдің сұлу табиғатынан Жәкеңнің өзі де көп әсер алса керек, араға аз ғана уақыт салып Қызылжарға тағы келді. «Солтүстікегі жаздың күзге ойысар сәтін көрдім ғой, енді әдейі қысты таңдадым» деді ол пойыздан түсіп жатып. Дала тәсін сағынып қалса керек, қалаға көп бөгелгісі жоқ, бірден Шал ақын ауданына тарттық. Сол күні аяқ астынан сырғыма жүріп, боран көтерілмесі бар ма?! Жәкең болса, көрі қыс мінезінді таныт дегендей, машинаның қырау шалған терезесін сүртіп әлек. «Керемет!» деп қояды. Бұл сапардан да Жәкең қойны-қонышын олжаға толтырып қайтты. Шыны керек, Жанат Елшібековтің сапарлары облыс үшін құбылыс болды. Олай деп отырғаным – бұған дейін де Қызылжарға талай журналистер келген. Бірақ солардың бірде-бірі біздің аймақтың табиғатына терең үніліп, ерекшеліктерін дәл Жәкеңдей айшықтай алған жоқ. Жәкең өзінің сұлу суретімен Есіл өнірінің тамаша табиғатын тіпті түрлендіріп жібергенін байқадық сол кезде. Жәкеңнің осы шеберлігі қолыма тиген көптеген шығармаларына тән екенін анғару қын емес. Ол әсемдікті, тосын жайттарды, сирек құбылыстарды бейнелеудің зергері. Оның іздептіні – табиғаттың таусылмайтын тылсымы. Осылардың бәрінен оның қолына қалам ұстағаннан ізденісі мен талғамы ешкімге ұқсамайтын ізденімпаз журналист екенін анғарасын. Жазушы-журналист Жанат Елшібек шығармаларынан сусындағандардың көл-көсір тың дерек, қызықты мәліметтерге кенеліп, рухани жетілетіні анық. Демек, оның кез келген еңбегі оқырман үшін үлкен олжа. Әдебиет деген құдіреттің басты қасиеті – оқырманды не қайғыртып, не қуантып, жан дүниесін бейжай қалдырмау, әйтеуір бір сезімдерге бөлеу десек, Жәкең осыны әу бастан жүргегіне түйген және оның тәсілдерін шебер менгерген.

Жеке кітапханамда Жәкеңнің бүкіл кітаптары бар. Жасырмаймын, бір мәселелерде түйікқа тірелгендей болсам, жазушының сол еңбектерін қолға алып, ой теңізін сүземін. «Жетім жұрт», «Қош бол, теңіз» (республикалық «Жалын» баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бәйгесінде жүлде алған), «Жазылмайтын жара», «Уақыт – сынап», «Сырлы әлем» кітаптары, сондай-ак, кейінгі дүниеге келген повестері «Балықтың қылтаны», «Әлем көз тіккен Мекке», «Алтын кіндік», «Найзағай жарагаған егіз қайын» – қай еңбегінің болсын, айтарты мол. Нағыз шабыттың қайнарына тап боласын, оқыған сайын ойланасын, толғанасын.

Ойлап отырсам, Жәкеңмен танысып, араласа бастағанымызға да, қырық жылдың жүзі болып қалыпты. Осы уақыттың ішінде талай оқиға бастан өтті. Екеуміздің арамызыдағы әріптестік қарым-қатынас шынайы достыққа ұласып, ағайындылар арасында ғана болатын сезімге от берді. Бір-бірімізді аз уақыт көрмесек сағынатын, іздеп тұратын болдық. Жәкеңнің Алматыдағы пәтері жол түскен сайын ат басын тірейтін бір үйімізге айналды. Жауапты хатшының жұмысы таусылмайды ғой, Жәкең қызметтөн кеш келеді. Соған қарамастан түннің бір уағына дейін әңгіме-дүкен құрып, сырласамыз. Шығармашылық

жоспарларымен бөліседі, маған да ой салады. Сол күндерден алған үлкен сабағым – Жәкең не нәрсені болсын, қолға алғаннан кейін, жеріне жеткізбей тынбайды, еңбеккорлығы да кісі қызығарлықтай. Журналистің тіршілігі белгілі ғой, таусылмайтын бір жұмыс, күнде мұрныңдан шашыласың да жүресін, бір адым ілгері аттасан, екі адым кейін шегініп кететін кездерін де болады. Тіпті кейде өмірлік серігіне айналған қаламға қарағың да келмей қалады. Жәкең болса, күнделікті мазасыз күйбенмен жүріп шарқ ұра ізденеді, не нәрсенің болсын әбден иінін пісіріп, қайнауын күтеді. Өйткені, ол «жүрек сүзгісінен сүзіліп, сөз домнасынан шындалып» барып қағазға түскен ойлардың оқырманның талғамына татитынын жақсы біледі. Сондықтан да қандай істі қолға алса да аянбайды, ащы терін төгеді, тебіренеді. Өзі жазғандай, «шамырқанған ойлар сілемін ала қағаз бетіне шашып тастау, көмейге кептелген наизағай пікірлерінді ірікпей жасындағы ойнатып тіліп-тіліп айту, майдан қыл айыргандай баптап, әйтпесе майдаламай, мақтамен бауыздагандай жеткізер жетелі сөз берін ордалы ойдың тұнғибығына үнілу» кімге оңай дейсіз. Жәкең әр кез сүйікті оқырманына жүрек сүзгісінен екшелген ойларын ғана ұсынады. Кез келген мәселенің қаламгердің оң жамбасына дөп келуінің астарында осындағы бейнет, ізденіс, қажыр-қайрат жатқанын екінің бірі біле бермейтін анық. Сол бейнетті бірге көтеріскең марқұм Зина женгейдің қолынан дәм татқаным да ұмытылмақ емес. Сол кезде Білім және ғылым министрлігінде қызмет істеген Зекең Жәкенді сәбидей өбектеуші еді. «Ол кісінің бар білетіні жазу, сызу ғана, денсаулығы да жоқ, жанарын тауысып болды» деп уайымдап отыратын. Бірақ өкінішке қарай, өзі өмірден тым ерте кетіп қалды.

Расында да, Жәкеннің денсаулығы ерте сыр бере бастағанын анғарған едім. Оны өзі де жасырмайтын. Бірнеше рет отадан өтті. Өзі де, балалар да жас. Жұмыстан қол үзіп аламын ба деп жүрексінетін. Бірақ берілген жоқ. Күресе жүріп шеберлігін шындағы, оқырманға жыл сайын дерлік жаңа шығармасын ұсынуды әдетке айналдырыды. «Осының бәріне қалай үлгересіз?» деп сұраймын кейде. «Жазбасам отыра алмаймын, үкілеп жүрген ойларым көп, сен де журналистикамен шектеліп қалма, көркем дүниелер жаз. Уақыт — сынап, ертен өте шығады» дейді ол.

Әр кездері Жәкең, Жәкеннің өмірі мен шығармашылығы жайлы ой толғаған әріптестері оның қазақ баспасөзіндегі танымдық жаңрдың көкжиегін кенейтуге сінірген еңбегі өлшеусіз екенін баса айтады. Расында да, қыыннан қыстырып, сөзжұмбақ құрастыру онай іс емес. Құрастырмақ түгілі соны шешкен кезде де миымыздың ашып кететін жасырын емес қой. Жәкеннің осы тақырыптағы дүниелерінің ұзын саны екі мындан асады екен. Қазақстандағы тұнғыш алып сөзжұмбақты құрастырган да — Жанат Елшібеков! Оның әр кездері жарық көрген «Сен білесің бе?», «Зерек», «Мың бір қызық», «Таным» секілді кітаптары осындағы тынымсыз ізденістен туған. Бір атап өтерлік жайт, оның осы еңбектері өзінің құндылығын бүгінгі танда да жойған жоқ.

Үлкенді-кішілі газет редакцияларының тіршілік-тынысы, әсіресе, күнде күйіп-жанып жататын секретариаттың қызметі маған да жақсы таныс. Әріптестеріміз секретариатты басылымның бас штабы деп тегін атамайды ғой, ол өзінің журналистік ғұмырының қыруар жылын осы қурделі қызметке арнады, тек ел газеті – «Егemen Қазақстанда» тапжылмай жиырма екі жыл жауапты хатшы болғанының өзі неге тұрады?! Ол осылай күн сайын дерлік шығатын газеттің қым-қуыт шаруаларының бел ортасында жүріп, қаламын сүйтқан жоқ, шығармашылығын дамытып, бірегей дүниелерді өмірге әкелді.

Қаламгердің оқырмандардың ыстық ықыласына бөлентген сол еңбектері әдебиетшілердің де назарынан тыс қалмағанын айту ләзім.

Жанат Елшібек кім? Ол қазақ әдебиеті мен журналистика саласына өз жанынан не жаналық қосты дегенде, баспасөз бетінде оның шығармаларына небір жылы лебіздер білдірген бертінгі қазақ әдебиеті саңлактарының ой-толғамдарына ат басын бұра кету артық болмас. «Бізге (журналистер, жазушылар, ақындарды айтам) іздену жетіспейді. Дүниенің барлық құпиясын баяғыда-ақ біліп қойғандай, өзімізден басқаны оқымаймыз. Өркениет дәүрінің ғылымы мен техникасы неше түрлі таңғажайып құбылыстарға

адамзатты күә етіп келеді. Бірақ соның бәрін қадағалап, ой елегінен өткізуге ерінбейтін ізденімпаздық, еңбекқорлық кез келген адамның мандайына жазылмаған. Бұл жағына келгенде біздін Жанат алдына жан салмайды. Түрлі басылымдарда мезгіл-мезгіл жарық көрген танымдық туындылар, табиғаттағы адам танданарлық қоқығалар, хайуанненнар мен жануарлар дүниесінің өміріндегі ғажайыптар, шаш басып, құмға сіңген тарихтың беттері – осының бәрін жиып-теріп оқырманға жеткізетін де Жанат... Менің Жанат бауырыма ерекше құрметпен, өзіме жақын тарта қарайтын себептерім бар. Біріншіден, екеуміз де теңіз жағалаған қазакы ауылда туып-өскенбіз. Екеуміздің де шығармашылықтағы стихиямыз – теңіз. Ол Балқаштың бойында, мен Каспий теңізің жағалауында балалығымызды қалдырыптыз. Екіншіден, Жанаттың да, менің де туған ауылымыз «Қызылбалық» деп аталады. Екеуміздің де журналистік жолымызды ашқан алтын босагамыз – «Лениншіл жас» деп жазыпты көзі тірісінде бар қазақтың мақтанышына айналған айтулы ақын, Қазақстанның халық жазушысы Фариза Онғарсынова. Осы сөздерде қаншама жылылық жатыр десенізші! Мәжіліс депутаты болып Астанада тұрған кезімде Фариза апаймен жиі кездесіп жүрдім. Бір комиссияда болдық. Жарықтық, тілге оралған сөзді ірікпеуші еді. Ұнамсыз жайды байқаса, жанары жарқылдап, бет-жүзің демей тіліп түсетін. Сол мінезді ақынның Жәкен туралы жоғарыда елжіреп айтқан «Жанат бауырым», «біздің Жанат» деген сөздері оған деген елдің сүйіспеншілігін, жансебіл еңбегіне деген шынайы ризашылықты білдіріп тұрған жоқ па?!

Әу бастан тынымсыз еңбек жолын тандаған, әрдайым қаламын сұыттай бабында ұстайтын, ойы есте қалғымаған, қиялы ұшқыр көсемсөзші, сезімтал да сергек жазушы, ізденісі мен талғамы ешкімге ұксамайтын журналист Жәкенің көп жылғы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол — Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте иегері.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, өзі туып-өскен Алматы облысының және Қаратал ауданының құрметті азаматы, «Қазақстанның құрметті журналисі», Мәдениет қайраткері. «Құрмет» орденімен, Тәуелсіздік және Астанаға – 10 жыл мерекелік медальдарымен марапатталған. Бұлардың бәрін сөздің ретіне қарай, еңбектің жанғаны, бағаланғаны жақсы ғой деген ниетпен тізбелеп отырмын. Әйтпесе, Жәкен атақ-данқ қуған адам емес.

Журналист, жазушы Жанат Елшібек жайлар сөз қозғай отырып, тағы бір жайға тоқталмай кетсем, ол туралы жүрек сұрымды толық ақтара алмаған болып шығар едім. Еңбек жолымыздың «Егеменде» тоғысуы екеумізге де сын болды. Төртінші сайланған Мәжіліс мерзімінен бұрын таратылғаннан кейін «Егemen Қазақстан» газетіне бас редактордың руханият мәселелерімен айналысатын орынбасары болып тағайындалдым. Мен келгенде Жәкен зейнет демалысына шығатын болып, құжаттарын жинастырып, бір аяғын үзенгіге салып отыр екен. Басылымның сол кездегі басшысы Сауытбек Абдрахманов: «Жәке, сіз облыстық газетті басқардыңыз, тәжірибеліз бар, ұзақ жылдыр бойы жауапты хатшы болған Жанат Елшібек зейнет демалысына шығып жатыр. Лайықты адам табылғанша, сол кісінің міндеттін қоса атқарсаныз» деген тілегін жеткізді. Қарсы болған жоқпышын. Келісе тұрып жүрексіндім. Әйткені өзіме дейінгілердің ізімен жүре беру менің де бойымда жоқ қасиет. «Егемен» өмір бойы қолымнан түспей келе жатқан газеттердің бірі ғой, мазмұнын былай қойғанда, безендірілуіне бір тың көзқарас керек сияқты болып көрінетін де тұратын. Бірақ, оған әр бетінде қолтанбасы, тамшылаған мандай тери бар Жәкен қалай қарайды? Осылай жауапты хатшы ретіндегі қызметтімді неден бастарымды білмей жүргенде, Жәкенің өзі келе қалды. Әдеттегідей, біраз әңгіменің басы қайырылғаннан кейін Жәкен: «Өзің білесің, сенің жас кезінде-ақ, «Егеменнің» мектебінен өткенінді қалаған адамдардың бірі мен едім. Сол тілегіміз Алла Тағаланың құлағына шалынып, қазақ баспасөзінің қарашаңырағының табалдырығынан аттадын, құтты болсын! Басшылық екі қызметтің тізгінің қолынча ұстатьпты. Бұл — үлкен жауапкершілік. Сол сенім үдесінен шығамын десен, ешкімге жалтақтамай, өз жолыңмен жүр, газетті заман талабына сай безендіруге де қүшінді сал» деді. Осы әңгімеден кейін, иығымнан бір ауыр жүк сыптырылып түскендей, женілдеп қалдым. Сезімтал жүрек менің жаңа ортада қандай күй

кешіп жүргенімді сезген екен.

...Жәкеннің таңы ерте атады. Ежелгі әдеті. Ол бүгін де сәуір таңының құлғін сәулесі терезеге түсер-түспесте тұрып кетті. Бұрынғыдай жұмысқа асығатын өмес, жата тұрса да болатын еді. Жоқ, өмірден көргені мен көңілге түйгені мол оның өзінің әк адад жүрегіндей аппақ қағазға түсірсем деген ойлары көп...

...Тағы бір жаңа кітап, жақсы кітап жазылып жатыр...